

2012 жылдың қаңтар-наурызында "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне азаматтардың тіркеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 2 шешімі. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 желтоқсанда № 9-10-173 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабы 3 тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурызында "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын, Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарды тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ұсынылсын (келісім бойынша):

1) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуге, нарядты білім беру ұйымдарына жеткізсін;

2) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу жөніндегі жұмыстың басталғаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялансын.

3. Селолар, селолық округтер мен ауылдар әкімдері шақыру учаскесіне тіркелуге жататын азаматтардың дер кезінде келуін хабарласын және қамтамасыз етсін.

4. Шешімнің орындалуын бақылау Жітіқара ауданы әкімінің орынбасары Е.Ә. Ж ау л ы б а е в қ а жүктелсін.

5. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛГЕН:

Қ. Испергенов

"Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б. Берекетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК